

Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарында азаматтарды қабылдаудың тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1999 жылғы 27 қаңтар N 58. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.09.04. N 974 қаулысымен. ~P020974

Азаматтардың өтініштерін қарау ісінде орталық және жергілікті атқарушы органдар басшыларының рөлі мен жауапкершілігін арттыру, олардан келіп түсетін өтініштер мен ұсыныстарды шешу жөніндегі жұмысты жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарында азаматтарды қабылдаудың тәртібі бекітілсін.

2. Премьер-Министр мен оның орынбасарларының жеке қабылдауына жазуды Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің азаматтарды қабылдау кабинетіндегі кезекші жүргізеді деп белгіленсін.

Азаматтарды Премьер-Министр мен оның орынбасарларының, Кеңсе Басшысының жеке қабылдауы олардың көмекшілері арқылы белгіленген, белгілі бір күндер мен сағаттарда жүргізіледі.

3. Орталық атқарушы органдардың басшылары, облыстардың Астана және Алматы қалаларының әкімдері:

1) азаматтарды қабылдау және олардың өтініштерін қарау үшін қажетті жағдай жасасын;

2) тоқсан сайын осы мәселе бойынша істелген жұмыс туралы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне хабарлап отырсын.

4. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің Басшысы:

1) есептіден кейінгі тоқсан басталғанға дейін бір ай бұрын орталық атқарушы органдарда азаматтарды қабылдаудың кестесін, сондай-ақ Үкімет мүшелерінің Президенттің Әкімшілігі мен Премьер-Министрдің Кеңесінде азаматтарды қабылдауының кестесін Премьер-Министрге бекітуге ұсынсын;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Премьер-Министрі Кеңесінің

қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілеріне тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізісін.

5. Осы қаулы жариялауға жатады және жарияланған сәтінен бастап он күн өткеннен кейін қолдануға енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 27 қаңтардағы
N 58 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті
атқарушы органдарында азаматтарды қабылдаудың
Тәртібі

Осы Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарында азаматтарды қабылдаудың тәртібі (бұдан әрі - Тәртіп) Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарында азаматтарды қабылдаудың тәртібін реттейді.

1. Азаматтарды қабылдауды ұйымдастыру

Азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдау кезінде Қазақстан Республикасы Президентінің "Азаматтардың өтініштерін қараудың тәртібі туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2340 заң күші бар Жарлығы мен осы Тәртіпті, сондай-ақ осы мәселені реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алу қажет.

Азаматтарды қабылдауды Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Премьер-Министрі Кеңесінің қабылдау бөлмесінде - Үкімет мүшелері, ал орталық және жергілікті атқарушы органдарда - бірінші басшылар мен олардың орынбасарлары жүргізеді.

Орталық атқарушы органдарда және Президенттің Әкімшілігі мен Премьер-Министр Кеңесінің қабылдау бөлмесінде азаматтарды қабылдау тоқсан сайын - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі (1, 2-қосымшалар), ал жергілікті жерлерде - облыстардың әкімдері (3-қосымша) бекітетін азаматтарды қабылдаудың кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Азаматтарды қабылдау аптасына екі рет (сәрсенбі, жұма күндері) Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Премьер-Министрі Кеңесінің қабылдау бөлмесінде және кестеде көрсетілген орталық атқарушы органдардың үй-жайларында жүзеге асырылады.

Орталық және жергілікті атқарушы органдардың басшылары осы Тәртіпке сәйкес өздеріне ведомстволық бағыныстағы органдардың азаматтарды қабылдау кестесін бекітеді.

2. Азаматтарды қабылдаудың тәртібі

Азаматтарды қабылдауды жүргізетін лауазымды тұлға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш берушінің тегін, атын, әкесінің атын, жұмыс орнын, қызметін, тұратын мекен-жайын, өтініштің, тапсырманың және қарау нәтижелерінің қысқаша мазмұнын көрсете отырып есеп кәртiшкесін толтыруды ұйымдастырады.

Егер ұсыныс, өтініш немесе шағым басқа министрліктердің қатысуымен шешіле алатын болса, өтініш беруші жазбаша түрде баяндаған көтеріліп отырған мәселелер, қабылдауды жүргізуші - орталық немесе жергілікті атқарушы орган басшысының ілеспе хатымен, 3 күндік мерзім ішінде, өтініште қойылған мәселелерді шешу құзыретіне жататын тиісті мемлекеттік органның қарауына жолданады. Ол туралы өтініш берушіге жазбаша хабарланады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мүшелерінің қабылдауына алдын ала жазуды Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің азаматтарды қабылдау бөлмесінде кезекші жүргізеді, бұл ретте 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кәртiшке толтырылады.

Орталық және жергілікті атқарушы органдардың өтініштер мен шағымдарды қарау мерзімі олар қабылдауды жүзеге асырушы орталық және жергілікті органдарда тіркелген сәттен бастап 30 күннен, ал қосымша зерделеу мен тексеруді қажет етпейтін өтініштер бойынша - 15 күннен аспауы тиіс.

Қосымша тексерулер жүргізу қажет болған жағдайларда, бұл мерзімдерді

азаматтарды қабылдауды жүргізген адам ұзартуы мүмкін, ол туралы өтініш берушіге хабарланады.

Өтініште қойылған мәселені шешу үшін Үкіметтің құқықтық актісі қабылдануы талап етілетін жағдайларда, қабылдауды жүзеге асырушы орталық және жергілікті атқарушы орган Үкіметтің Регламентіне сәйкес сол немесе өзге құжатты енгізеді, ол туралы өтініш берушіге хабарланады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 27 қаңтардағы
N 58 қаулысымен бекітілген
Тәртіпке
4-қосымша

Келушілерді қабылдаудың есеп кәртiшкесi

N _____ 199__ жылғы " ____ " _____
қабылдау күні

Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты _____

Өтініш берушінің жұмыс орны мен атқаратын қызметі _____

Тұратын мекен-жайы _____

Өтініштің қысқаша мазмұны _____

Қабылдауды жүргізушінің тегі _____

Кәртiшкенің сыртқы беті

Кімге және не тапсырылды, күні _____

Өтінішті қараудың нәтижелері _____

Қашан және кім жауап берді _____

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 27 қаңтардағы
N 58 қаулысымен бекітілген
Тәртіпке
5-қосымша

Қазақстан Республикасының Үкіметі мүшелерінің
қабылдауына алдын ала жазу кәртiшкесі

N _____ 199__ жылғы " ____ " _____
қабылдау күні

Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты _____

Өтініш берушінің жұмыс орны мен атқаратын қызметі _____

Тұратын мекен-жайы мен телефон N _____
Мәселенің қысқаша мазмұны _____

Қабылдауды жүргізушінің қызметі мен тегі, аты, әкесінің аты _____

Кәртiшкенің сыртқы беті

Қабылдауына жазылуға ұйғарылған адамның тегі, аты,
әкесінің аты және қызметі _____

Қазақстан Республикасының Үкіметі мүшесінің қабылдау күні _____

Өтінішті қараудың нәтижелері _____

Ескертпе: Кәртiшкелер біреуі Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі Кеңсесінің ісінде қалатын, ал
екіншісі азаматтарды қабылдауды жүргізушінің

қарауына берілетін екі данада жасалады.
Кәртiшке қаралғаннан кейiн, қараудың
нәтижесiмен бiрге Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрiнiң Кеңсесiне қайтарылады.

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Икебаева А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК